

## Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтеу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 368 бұрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15591 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 319 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 12.04.2023 № 319 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 46-7-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) бұйрықты алғашқы ресми жариялағанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. "Гауптвахталарда әскери қызметшілердің әкімшілік қамауды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің

2014 жылғы 19 ақпандағы № 68 бұйрығының (2014 жылғы 3 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9270 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Қорғаныс министрі*  
*генерал-полковник*

*С. Жасұзақов*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2017 жылғы 20 шілдедегі  
№ 368 бұйрығымен  
бекітілген

## **Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 46-7-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді, әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әскери қызметшілердің әкімшілік қамауды (бұдан әрі – қамауға алынғандар) өтеу тәртібін айқындайды.

2. Қамауға алынғандарды ұстау режимін қамтамасыз ету мақсатында әскери полиция органының бастығы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша гауптвахтадағы ішкі тәртіптемені бекітеді.

Ішкі тәртіптеме әрбір камерада мемлекеттік және орыс тілдерінде ілінеді.

3. Жұмыс істеу және серуендеу уақытынан басқа, тәулік бойы қамауға алынғандар құлыпқа жабылған камераларда болады.

4. Қамауға алынғандар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің

техникасымен жабдықтау нормаларына сәйкес тамақтанумен қамтамасыз етіледі, оларды тамақтануға қабылдау азық-түлік аттестаттары бойынша жүргізіледі.

Қамаққа алынғандар камераларда немесе гауптвахта жанындағы асханада тамақ ішеді. Жеке камераларда ұсталатын қамауға алынғандар тамақ ішуді камераларда жүзеге асырады.

5. Қамауға алынғандар, өзге де негіздер бойынша гауптвахтаға қамалған әскери қызметшілер және әскери полиция органдарының әскери қызметшілері арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларымен (бұдан әрі – Жалпыәскери жарғылар) айқындалады.

6. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері Жалпы әскери жарғыларға және "Әскери полиция органдары туралы" 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11 және 12-баптарына сәйкес адам күшін, арнайы құралдарды, оның ішінде қызметтік иттерді және қаруды қолданады.

## **2-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынғандарды қабылдау және оларды камералар бойынша орналастыру тәртібі**

7. Гауптвахтаға қамауға алынғандарды қабылдауды гауптвахта бастығы тәулік бойы, ал ол болмаған жағдайда қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді, ол:

1) осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың барын тексереді ;

2) қамауға алынғандарға сұрақ қояды және оның жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген мәліметтермен салыстырады;

3) әскери полиция органының медицина жұмыскерінің (фельдшерінің) қатысуымен медициналық қарап тексеруді (жыныс бір адам) жүргізеді.

8. Гауптвахтаға қамауға алынғанды жеткізген адам гауптвахта бастығына, ал ол болмаған жағдайда қарауыл (кезекші ауысым) бастығына мынадай құжаттар:

1) жеке өзі қол қойған және соттың мөрімен бекітілген әкімшілік қамауға алу туралы судьяның қаулысын;

2) жазаны өтеу кезеңіне қамауға алынғанды барлық жабдықтылым түрлерінен алу туралы әскери бөлім командирінің бұйрығының көшірмесін немесе одан үзінді көшірмені;

3) қамауға алынғанның жеке басын куәландыратын құжатты;

4) бөлім штабының лауазымды адамы мен қамауға алынған адам қол қойған жеке заттар тізбесін (екі данада) ұсынады.

9. Қамауға алынғанды гауптвахтаға қабылдаған кезде осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың бар болуы және олардың дұрыс ресімделуі

тексеріледі, сондай-ақ бір жынысты адам жеке басын толық қарап-тексеруді жүргізеді, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Тыйым салынған бұйымдар мен заттардың тізбесі (бұдан әрі – тыйым салынған заттар) бойынша тыйым салынған бұйымдар мен заттар алынады және жеке іс жүргізіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 30.03.2021 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Қамауға алынған адам туралы, сондай-ақ алып қойған және сақтауға қабылданған құндылықтар туралы қабылдайтын адам осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Гауптвахтада ұсталатын адамдарды есепке алу журналына (бұдан әрі – Есепке алу журналы) енгізеді.

11. Гауптвахтаға қамауға алынғанды қабылдау, сондай-ақ сақтауға қабылданған құндылықтар туралы әскери полиция органының құпия емес іс жүргізуінде тіркелетін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамаққа алынғанды қабылдау қолхаты үш данада жасалады.

Қолхаттың бірінші данасы әскери бөлімде тіркеу және есепке алу үшін әскери қызметшіні жеткізген адамға, екіншісі – қамаққа алынғанға беріледі, үшіншісі – қамаққа алынғанның жеке ісіне тігіледі.

Гауптвахта бастығы болмаған кезде қабылданған қамауға алынғандар туралы қарауыл бастығы (кезекші ауысым) ол келісімен баянатпен баяндайды.

12. Гауптвахтаға қамауға алынғанды қабылдау кезінде медицина жұмыскері (фельдшер) оның дене жарақаттарын анықтау мақсатында қарап тексеруді жүргізеді, ол туралы Есепке алу журналында тиісті жазба жасалады.

Гауптвахтаға жаңадан келген қамауға алынғандарды қарап тексеру оларды камералар бойынша орналастырғанға дейін жүргізіледі.

Қарап тексеру кезінде терінің сыртқы көріністерінің, венериялық, инфекциялық және басқа да аурулардың, педикулезбен зақымданудың болуына ерекше назар аударылады.

Анықталған дене жарақаттары туралы қолтаңба қойғыза отырып, қамауға алынғанды жеткізген лауазымды адамға хабарланады.

Дене жарақаттары анықталған жағдайда тиісті медициналық көмек көрсетіледі. Бір тәулік мерзімде медицина жұмыскерін (фельдшерді) тарта отырып, медициналық куәландыру жүргізіледі, оның нәтижелері қамауға алынған адамның медициналық кітапшасында тіркеледі.

Қамауға алынғандардың жарақат алу (дене зақымдану) жағдайларын анықтау мақсатында гауптвахта әскери қызметшілері медицина жұмыскерінің (фельдшердің) қатысуымен күнделікті олардың денелерін қарап тексеруді жүргізеді.

13. Гауптвахтаға қамауға алынғандар келгеннен кейін әкімшілік оның құқықтары мен міндеттері туралы, жазаны өтеу тәртібі мен шарттары туралы, ішкі күн тәртібінің қағидалары туралы ақпаратқа қол қойғыза отырып, жазбаша түрде танысу үшін қамаққа алынғанға ұсынады, сондай-ақ жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық туралы ескертеді.

Қамауға алынғандар Гауптвахтаға қамалған әскери қызметшілердің мінез-құлық қағидаларын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сақтайды.

Әрбір гауптвахтаның жанындағы стенділерде гауптвахтаға қамалған әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері, мінез-құлық қағидалары туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде ілінеді.

14. Қамауға алынғандар гауптвахтаға қамалған кезде гауптвахтада ұсталатын басқа әскери қызметшілерден бөлек, мынадай талаптарды сақтай отырып орналастырылады:

1) офицерлер – сержанттар мен қатардағы жауынгерлер құрамдарының лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерден бөлек;

2) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер – осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген әскери қызметшілерден бөлек;

3) әскери қызметші әйелдер – ер адамдардан бөлек.

4) әртүрлі инфекциялық аурулармен науқастанған қамаққа алынғандар жеке және дені сау әскери қызметшілерден бөлек ұсталады.

Қамауға алынғандарды камераларда орналастыруды гауптвахта бастығы мен қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

Оқшаулау тәртібі қамаққа алынғандардың барлық қозғалыстары кезінде қамтамасыз етіледі. Қамауға алынғандардың қозғалыстары айдауылмен бірге жүреді.

15. Статистикалық есепке алуды жүзеге асыру үшін қамауға алынғандар туралы мәліметтер осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Қамауға алынғандарды есепке алу журналына енгізіледі.

Әрбір қамауға алынғанға қамауға алынғанның жеке ісі басталады, оған әкімшілік қамауға алу туралы судьяның қаулысы, жеке толық тексеру хаттамасы және басқа да материалдар тіркеледі.

### **3-тарау. Қамауға алынғандарды жеке тінту жүргізу, дактилоскопия, суретке түсіру және заттарды толық тексеру тәртібі**

16. Қамауға алынғанға қарауыл (кезекші ауысым) бастығы толық жеке тексеру, медициналық қарап тексеру жүргізеді, одан кейін қол қойғыза отырып, гауптвахтадағы ішкі күн тәртібімен таныстырады.

17. Қамауға алынғанды жеке тексеру осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамауға алынғанның жанында болған заттарды жеке тінту және қарап тексеру хаттамасын ( бұдан әрі – хаттама) ресімдеумен мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) қамауға алынғанды жеке тінтуді гауптвахта қызметкері және қамауға алынғанмен бір жынысты адам жүргізеді;

2) заттарды толық тексеру қамауға алғанның қатысуымен олардың құрылымдық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылады;

3) егер фото және бейнетүсірілім жүргізілсе, оларды қолданғаны туралы хаттамада тиісті жазба жасалады;

Қамауға алынған хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған тиісті жазба жасалады.

18. Барлық қамауға алу мерзімін өтемеген қамауға алынғанды емдеу мекемесіне шұғыл жатқызу қажеттілігі туралы медициналық қызметкердің (фельдшердің) қарап-тексеру нәтижелері мен қорытындысы бойынша әскери полиция органының бастығы әкімшілік қамаққа алу туралы шешім шығарған судьяға және әскери бөлімнің қолбасшылығына хабарлама жолдайды.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 30.03.2021 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Қамауға алынғандардың бар болуын таңертеңгі қарап тексеруді және кешкі тексеруді қарауыл (кезекші ауысым) бастығы немесе камералар бойынша атаулы тізім бойынша оның көмекшісі жүргізеді.

#### **4-тарау. Қамауға алынғандарды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету тәртібі**

20. Қамауға алынғандар гауптвахтада болған кезеңінде мыналармен қамтамасыз етіледі:

1) ұйықтайтын орынмен;

2) төсек-орын жабдығымен, (матрацпен, жастықпен, көрпемен, екі төсек жаймасымен және жастыққаппен, сүлгімен);

3) тамақ ішкен уақытта асхана ыдысымен және асхана аспаптарымен (кесемен, тостақпен, қасықпен);

4) Жалпыәскери жарғылармен, кітаптармен, журналдармен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етіледі.

21. Жалпы камераларда қайырмалы сәкі, үстел мен отырғыштар, еденге бекітілген түкіргіштер жабдықталады, қайнаған ауызсуға арналған ыдыс орнатылады және кружка беріледі.

Ұйқыдан тұрғаннан кейін қайырмалы сәкі көтеріледі және құлыппен бекітіледі.

Офицерлер мен әскери қызметші әйелдерді орналастыруға арналған камералар ағаш кереуеттермен, үстелдермен, табуреттермен, жеке заттар мен жуыну керек-жарақтарына арналған тумбалармен жабдықталады, қайнаған ауызсуға арналған ыдыс, кружкалар, ілгіштер мен түкіргіштер орнатылады.

Күн сайын камераларға қайнаған су беріледі.

Камераларда +18 С-дан төмен емес температура сақталады.

Әрбір камерада қорғалған жарық беру плафондары орнатылады.

Қараңғы түскеннен кейін және ұйықтау уақытында гауптвахтаның камераларында, дәліздері мен дәретханаларында жарық берілуге тиіс.

22. Камералар санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға (үй-жай квадратурасы, көзге қауіпсіз жарық, күндізгі жарықпен кітап оқу, үй-жайды желдету мүмкіндігі) жауап беруге тиіс.

Тұрғын алаңының нормасы камерадағы бір қамаққа алынғанға кемінде екі жарым шаршы метр, әйелдерді ұстауға арналған камераларда – кемінде үш шаршы метр есебінен белгіленеді.

Гауптвахта үй-жайларын, камералар мен дәретханаларды дезинфекциялау аптасына екі реттен сиретпей жүргізіледі.

Камералардағы терезелер күндізгі уақытта табиғи жарық түсуіне және камераға таза ауаның кіруіне кедергі келтірмейтін жеткілікті көлемде болуға тиіс.

Оқшаулауды қамтамасыз ету үшін камералардың терезелері табиғи жарық түсуіне және камераға таза ауаның кіруіне кедергі келтірмейтін тормен жабдықталады.

23. Күн сайын қамауға алынғандарға ұзақтығы кемінде екі сағат серуендеу беріледі. Серуендеу гауптвахтаның арнайы жабдықталған аумағында тәуліктің күндізгі уақытында камералар бойынша жүргізіледі. Қамауға алынғандар осы Қағидаларды бұзған жағдайда серуендеу мерзімінен бұрын тоқтатылады.

24. Осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген қамауға алынғандар заттарды сақтау бөлмесінде сақтай алатын және өзімен бірге болатын заттар тізбесіне сәйкес пайдалану үшін өз төсек-орын керек-жарақтары мен заттарын қабылдауға болады.

25. Қамауға алынғанға аптасына екі реттен сиретпей ұзақтығы 15 минуттан аспайтын душ қабылдау мүмкіндігі беріледі.

Моншада жуыну аптасына бір рет гауптвахта бастығы белгілеген күндері және сағаттарда жүргізіледі. Моншада жуыну күндері қамауға алынғандардың іш киімдері мен төсек-орын жабдығын ауыстыру жүзеге асырылады, оларды медициналық қарап тексеру жүргізіледі.

26. Жуыну керек-жарақтары қамаққа алынғандарға дәретханаға шығу уақытында беріледі, одан кейін қарауыл (кезекші ауысым) бастығының қарап тұруымен камералардан тыс орналасқан қамаққа алынғандардың жуыну керек-жарақтарын сақтауға арналған құлыпқа жабылатын шкафқа қайта салынады.

27. Қамауға алынғандар таңертеңгі және кешкі жуыну үшін санитариялық тораппен жабдықталған камераларда ұсталатын қамаққа алынғандарды қоспағанда, шығарушылардың бірге жүруімен камералардан мынадай тәртіппен:

Жалпы камераларда ұсталатындар – камера бойынша;

жеке камераларда ұсталатындар – бір-бірден кезектілік ретімен шығарылады.

Әскери қызметші әйелдерге жеке гигиена қағидаларын сақтау үшін қосымша уақыт беріледі.

#### **5-тарау. Қамаққа алынғандарға сәлемдемелер мен жөнелтілімдерді қабылдау, хаттар алу тәртібі**

28. Қамауға алынғаға сәлемдемелер мен жөнелтілімдер алуға рұқсат етіледі.

29. Жөнелтілімдерді қабылдау осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада жасалған өтініш негізінде жүргізіледі.

30. Жөнелтілімдерді қабылдауды гауптвахта қызметкерлері жүзеге асырады. Жөнелтілімдер келушілер кезектілігі тәртібінде қабылданады.

Жөнелтілімнің ішіне салынғандарды тексеру оны жеткізген адамның қатысуымен жүзеге асырылады.

31. Гауптвахта қызметкері жөнелтілімді қабылдап, келушіге қабылдағаны туралы қолхатпен қоса өтініштің бірінші данасын қайтарады, ал екінші данасы ол жөнелтілімді алғаны туралы қол қойғаннан кейін қамаққа алынғанның жеке ісіне тігеді.

32. Сәлемдемелер мен жөнелтілімді ашуды және ішіне салынғандарды тексеруді құрамында кемінде екі гауптвахта қызметкері бар комиссия жүзеге асырады, ол туралы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәлемдемелер мен жөнелтілімдерді ашу актісі жасалады.

33. Сәлемдемелер, бандерольдар мен жөнелтілімдер:

1) қамауға алынған гауптвахтадан босатылған;

2) жөнелтілімнің нақты ішіне салынғандар өтініште көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеген;

3) тыйым салынған заттар бар болған жағдайларда қабылданбайды және кері қайтарылады.

34. Қамауға алынғанға сәлемдемелер мен жөнелтілімдер оларды қабылдағаннан кейін бір тәуліктен кешіктірілмей беріледі.



35. Гауптвахта әкімшілігі медицина жұмыскерінің (фельдшердің) қорытындысы бойынша қамауға алынғандар үшін дәрі-дәрмектерді тек оларды қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайларда қабылдайды.

Қамауға алынғандар медициналық қорытындыға сәйкес қабылдайтын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар сәлемдемелер мен жөнелтілімдер қатарына кірмейді.

36. Қамауға алынғандардың хат алуына болады. Қамауға алынғанның атына келіп түскен хаттарды беруді гауптвахта әкімшілігі олар келіп түскен күні жүргізеді.

37. Қамауға алынғанға жақын туысының қайтыс болғаны немесе ауыр сырқаттанғаны туралы мәліметтер оларды алғаннан кейін бір тәулік ішінде хабарланады.

38. Қамауға алынғанның атына ол гауптвахтадан босатылғаннан кейін келіп түскен хаттар үш жұмыс күнінен кешіктірілмей оның қызмет орнына жолданады.

#### **6-тарау. Қамауға алынғандардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған бұйымдар мен заттарды алып қою тәртібі**

39. Қамауға алынғандардың өзімен бірге құқыққа қарсы мақсаттарда пайдаланылуы немесе мемлекеттік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қамтуы мүмкін құжаттар мен жазбаларды қоспағанда, әкімшілік іске қатысты не өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне қатысты құжаттар мен жазбаларды сақтауға рұқсат етіледі.

40. Қамауға алынғаннан заттарды алып қою немесе сақтауға қабылдау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алып қою хаттамасы үш данада жасалады.

Бірінші дана қамаққа алынғанға беріледі, екінші – әскери бөлім өкіліне беріледі, үшінші – қамауға алынғанның жеке ісінде сақталады. Қамауға алынғаннан заттар мен мүлік алынғаны және ол сақтауға қабылданғаны туралы Есепке алу журналында жазба жасалады.

41. Қамауға алынғанның заттары мен азық-түлік өнімдерін сақтауға қабылдауды қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

42. Гауптвахтада ұстау кезеңінде қамауға алынғанда тыйым салынған бұйымдар мен заттарды алып қою немесе анықтаудың әрбір фактісі бойынша олардың келіп түсу көзін және нақты иесін анықтау мәніне қызметтік тексеру жүргізіледі.

43. Қамауға алынғанның жазбаша өтініші бойынша қамаққа алынғандардың заттарын сақтау бөлмесінде сақтауда тұрған ақша, құндылықтар, заттар, бұйымдар мен азық-түлік өнімдері қамаққа алынғанның жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына қол қойғызумен беріледі.

44. Қамауға алынған қайтыс болған жағдайда оған тиесілі сақтауда болған құндылықтар оның жақын туыстарына қол қойғызумен беріледі.

45. Тыйым салынған заттар сақтау үшін осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актімен гауптвахта бастығына, ал ол болмаған жағдайда карауыл (кезекші ауысым) бастығына тапсырылады, оның көшірмесі қамауға алынғанның жеке ісіне тіркеледі.

46. Толық тексеру кезінде қару, жарылғыш, улы, уландырғыш, есірткі заттары, психотроптық заттар және прекурсорлар алынғаны туралы карауыл (кезекші ауысым) бастығы шешім қабылдау үшін белгіленген тәртіппен дереу әскери полиция органы бастығының атына баянатпен баяндайды.

47. Жарамдылық мерзімі өткен немесе бүліну белгілері бар азық-түлік өнімдерін құрамында кемінде гауптвахтаның екі әскери қызметшісі бар комиссия жояды, ол туралы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жою актісі жасалады.

#### **7-тарау. Қамауға алынғандарға көтермелеулер мен жазалаулар қолдану тәртібі**

48. Көтермелеу және жазалау шаралары барлық қамауға алынғандарға Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Тәртіптік жарғысымен ( бұдан әрі-Тәртіптік жарғы) белгіленген тәртіппен қолданылады. Әрбір қамауға алынғанға әскери полиция органдарында Тәртіптік жарғыға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік карточка арналады және әскери полиция органында тіркеледі, қамауға алынған босатылған кезде ол қамауға алынғанның жеке ісімен бұрынғы қызмет орнына жолданады.

Көтермелеу шаралары ретінде бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастау және алғыс жариялау қолданылуы мүмкін.

49. Гауптвахтада ұстау тәртібін бұзғаны, гауптвахтаға қамауға алынғандарға белгіленген міндеттерін орындамағаны үшін мынадай жазалау шаралары қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) он бес тәулікке дейінгі мерзімге жеке камераға қамау.

50. Жеке камераға қамау түріндегі жазалауды гауптвахта бастығы қолданады.

Жеке камерадағы науқастанғанды мерзімінен бұрын босату қажеттілігі туралы медицина жұмыскерінің (фельдшердің) нұсқауы дереу орындалуға тиіс.

Жеке камераға қамау туралы қарауыл (кезекші ауысым) бастығы баянатпен гауптвахта бастығына баяндайды, соңғы ол туралы жоғары тұрған бастыққа баяндайды.

51. Көтермелеу және жазалау туралы қамаққа алынғанға қолхатпен жеткізіледі, ол жеке ісіне тіркеледі.

Ауызша жарияланғаннан басқа, барлық жазалаулар мен көтермелеулерді гауптвахта бастығы жариялайды және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қамауға алынғандарды жазалауды және көтермелеулерді есепке алу кітабында есепке алынады, әскери қызметшінің қызметтік карточкасына жазылады.

### **8-тарау. Қамауға алынған тамақтанудан бас тартқан кезде қабылданатын шаралар**

52. Қамауға алынғанның тамақтанудан бас тарту фактісі анықталған кезде қарауыл (кезекші ауысым) бастығы гауптвахта бастығына баяндайды. Гауптвахта бастығы себептерді анықтайды және әскери полиция органының бастығына баяндайды.

53. Тамақтанудан бас тартқан қамауға алынған басқа қамауға алынғандардан бөлек ұсталады және медицина қызметкерінің (фельшердің) қадағалануында болады.

54. Егер оның өміріне қауіп төнсе, тамақтанудан бас тартқан қамауға алынғанның денсаулығын сақтауға бағытталған, оның ішінде мәжбүрлеу сипатындағы шаралар оны қадағалайтын медицина қызметкерінің (фельдшердің) жазбаша қорытындысы негізінде медициналық көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

### **9-тарау. Қамауға алынғанды босату тәртібі**

55. Қамауға алынғандар судьяның қаулысымен белгіленген әкімшілік қамаққа алу мерзімін өтегеннен кейін гауптвахтадан босатылады.

**Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 25.08.2018 № 568 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

56. Мерзімді қызмет әскери қызметшісінің қамауға алу мерзімі аяқталу қарсаңында гауптвахта бастығы оны алып кетуге өкілді жіберу үшін әскери бөлімнің командиріне босату уақыты туралы хабарлайды және қарауыл (кезекші ауысым) бастығына бекет ведомосымен бірге тапсырылатын осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамаққа алынғанды (ұсталғанды) босату туралы жазбахат береді.

Гауптвахта бастығының хабарламасы бойынша әскери бөлім командирі көрсетілген уақытта қызмет орнына гауптвахтаға мерзімді қызмет әскери қызметшінің бірге жүруі үшін бөлім өкілін гауптвахтаға жібереді, сондай-ақ оны тамақтандырумен және маусым бойынша киіммен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

57. Қамауға алынғанды босату кезінде гауптвахта бастығы Қамауға алынғандарды есепке алу журналында және атаулы тізімде босату күні мен уақытын көрсетіп, жазба жасайды, сақталуы заңсыз болып табылатын заттардан басқа, қамауға алынғанға қолхатпен сақтауға алынған құжаттарды, ақшаны және заттарды қол қойғыза отырып береді.

58. Әкімшілік қамауға алуды өтеген адам босатылған кезде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери полиция органы бастығының қолы қойылған гауптвахтадан босату туралы анықтама беріледі.

59. Қамауға алынған қайтыс болған жағдайда қарауыл (кезекші ауысым) бастығы ол туралы дереу әскери полиция органының кезекші бөліміне және гауптвахта бастығына баяндайды.

Қамауға алынғанның қайтыс болуы туралы әскери полиция органының басшылығы дереу жазбаша түрде әскери бөлімнің қолбасшылығына, қамауға алынғанның жеке ісінде көрсетілген жақын туысқандарына хабарлайды.

60. Паталогоанатомиялық зерттеуден, сондай-ақ тергеу әрекеттері жүргізілгеннен кейін қайтыс болған адамның мәйіті әскери бөлімнің (мекеменің) қолбасшылығына немесе оны талап еткен адамдарға беріледі.

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысаны  
"Бекітемін"  
әскери полиция органының  
бастығы

---

(лауазымы, қолы, тегі)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

## **ГАУПТВАХТАДАҒЫ ІШКІ ТӘРТІПТЕМЕ** **(үлгілік)**

1. Қамауға алынғандар осы Қағидалардың талаптарын сақтайды және гауптвахта қызметкерлерінің нұсқауларын орындайды.

2. Әскери полиция гауптвахтасында ұсталатын қамауға алынғандар үшін мынадай күн тәртібі белгіленеді:

Жүргізілетін іс-шаралар	Өткізу уақыты
Таңертеңгілік тұру	6 сағ. 00 мин. – 6 сағ. 10 мин.
Қамаққа алынғандарды тексеру, төсек-орын жабдықтарын тапсыру	6 сағ. 10 мин. – 6 сағ. 30 мин.
Таңертеңгі жуыну	6 сағ. 30 мин. – 7 сағ. 00 мин.
Гауптвахта камераларын және үй-жайларын жинау	7 сағ. 00 мин. – 8 сағ. 00 мин.
Таңертеңгі ас	8 сағ. 00 мин. – 8 сағ. 30 мин.
Гауптвахта қызметкерлерінің камераларды аралап шығуы	8 сағ. 30 мин. – 9сағ. 00 мин.
Жарғыларды зерделеу бойынша сабақтар	9 сағ.00 мин. – 11 сағ. 00 мин.
Саптық даярлық бойынша сабақтар	11 сағ.00 мин. – 13 сағ. 00 мин.
Жеке уақыт	13 сағ.00 мин. – 14 сағ. 00 мин.
Түскі ас	14 сағ. 00 мин. – 14 сағ.30 мин.
Серуендеу	14 сағ. 30 мин. – 16 сағ.00 мин.
Шаруашылық жұмыстарды жүргізу	16 сағ. 00 мин. – 19 сағ.00 мин.
Кешкі ас	19 сағ. 30 мин. – 20 сағ.00 мин.
Мерзімді басылымды оқу	20 сағ. 00 мин. – 20 сағ.30 мин.
Камераларды жинау	20 сағ. 30 мин. – 21 сағ.00 мин.
Кешкі жуыну	21 сағ. 00 мин. – 21 сағ.30 мин.
Қамаққа алынғандарды тексеру, төсек-орын жабдықтарын алу	21 сағ. 30 мин. – 22 сағ.50 мин.
Ұйықтау	22 сағ. 00 мин.

Г а у п т в а х т а б а с т ы ғ ы

-----  
 (ә/атағы, қолы, тегі және аты-жөні)  
 20 \_\_\_ ж. " \_\_\_ " \_\_\_\_\_

Әскери қызметшілердің  
 Қазақстан Республикасы  
 Қарулы Күштері әскери  
 полиция органдарының  
 гауптвахтасында әкімшілік  
 қамауды өтеу қағидаларына  
 2-қосымша

**Тыйым салынған бұйымдар мен заттардың тізбесі**

1) Қару, жарылғыш, улы, уландырғыш және өртке қауіпті заттар, есірткі заттары, психотроптық заттар, прескурорлар, ішімдік заттары, бұрыш, тұз, оттықтар;

2) шарфтар, белбеу, белдіктер, иық баулар, баулар, галстуктер мен ұзындығы 50 сантиметрден аспайтын орамалдар;

3) шыны ыдыс, өткір, кесетін және тілетін заттар;



									керінің қолтаң басы)			туралы қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Ескертпе: Журнал нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен куәләндырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Журнал гауптвахтаның қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы  
Қарулы Күштері әскери  
полиция органдарының  
гауптвахтасында әкімшілік  
қамауды өтеу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысаны

**Қамауға алынғанды қабылдау қолхаты  
(қолхаттың бет жағы)**

---




---



---

**(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)**

	_____
	(бөлімше, әскери бөлім)
	_____ бастап _____ дейін _____
	камерада ұстаумен
	Әскери полиция
Әскери полиция органының елтаңбалы мөрі	органының _ _____ тәулікке (сағатқа)
	гауптвахтаға қабылданды.
	мөртаңбасы
	_____
	_____
	(уақыты, күні, айы, жылы)

	_____
	әскери полиция органы
	гауптвахтасының бастығы
	Әскери полиция органының елтаңбалы
	_____
	_____
	_____
	(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)
	20 __ жыл " __ " _____

(қолхаттың артқы жағы)

Қамауға алынғанда мынадай заттар бар:

---

---

---

---

---

---


---

---

---

---

Қамауға алынғанның қолы \_\_\_\_\_

	_____
	әскери полиция органы гауптвахтасының бастығы Әскери полиция органының елтаңбалы _____
	— мөрі (әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні) Қамауға алынғанды жеткізген адамның қолы
	_____

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Ескертпе: Қолхат үш данада ресімделеді. Бірінші данасы қамаққа алынғанды гауптвахтаға жеткізген адамға, екіншісі – қамаққа алынғанға беріледі, үшінші данасы – қамаққа алынғанның жеке ісіне тігіледі.

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы  
Қарулы Күштері әскери  
полиция органдарының  
гауптвахтасында әкімшілік  
қамауды өтеу қағидаларына  
5-қосымша

### Гауптвахтаға қамалған әскери қызметшілердің мінез-құлық қағидалары

1. Қамауға алынғандар:

1) Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтеу қағидаларында белгіленген ұстау тәртібін сақтайды;



- 2) әскери полиция органы гауптвахта әкімшілігінің және қолбасшылығының заңды талаптарын орындайды;
  - 3) гигиена мен санитария талаптарын сақтайды;
  - 4) күнделікті серуендеуге шығады (серуендеуден босатуды медицина жұмыскерінің қортындысы бойынша гауптвахта бастығы жүзеге асырады);
  - 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздігінің қағидаларын сақтайды;
  - 6) гауптвахта мүлікіне ұқыпты қарайды;
  - 7) камераларда және басқа да үй-жайларда кезектілік тәртібінде тазалық жасайды;
  - 8) гауптвахта әскери қызметшілерінің, күдіктілер мен айыптаушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың ар-намысын қорлайтын іс-қимылдар жасамайды;
  - 9) күзетпен ұстау тәртібін қамтамасыз ететін гауптвахта әскери қызметшілеріне, сондай-ақ басқа да адамдарға олардың қызметтік міндеттерін орындауға кедергі жасамайды;
  - 10) белгіленген күн тәртібін сақтайды;
  - 11) гауптвахта әскери қызметшілеріне "Сіз" деп және оларға "мырза" деп және одан әрі әскери шені бойынша немесе лауазымы бойынша сөйлейді;
  - 12) гауптвахта әскери қызметшілерінің камераларына кірген кезде олардың командасы бойынша тұрады және корсетілген жерде сапқа тұрады;
  - 13) сыртқы таза бейнесін ұстайды;
  - 14) айдауылмен немесе гауптвахта әскери қызметшілерінің бірге жүруімен жүрген кезде қолын артында ұстайды;
  - 15) гауптвахта әскери қызметшілерінің және басқа да лауазымды тұлғалардың талаптары бойынша өз тегін, аты-жөнін хабарлайды;
  - 16) тыныштықты сақтайды;
  - 17) кезектілік тәртібінде камера бойынша кезекшілікті атқарады.
2. Жол берілмейді:
- 1) гауптвахтаның басқа камераларында немесе өзге үй-жайларында отырған әскери қызметшілермен сөйлесуге, қандай-да бір заттарды беруге, тарсылдатуға немесе олармен хат алмасуға;
  - 2) сөйлесудің, қандай-да бір заттарды берудің және бостандықта жүргендермен хат алмасудың белгіленген тәртібін бұзуға;
  - 3) әкімшіліктің рұқсатынсыз гауптвахта камерасынан және басқа да үй-жайларынан шығуға;
  - 4) гауптвахта объектілерінің күзету желісін бұзуға;
  - 5) алкоголь ішімдіктерін, есірткі және психотроптық заттарды дайындауға және қолдануға;

- 6) материалдық және басқа да табыс көру мақсатында үстел ойындарын ойнауға;
- 7) өзіне және басқа да адамдарға дене суретін салуға;
- 8) әкімшіліктің рұқсатынсыз ұйықтау орындарына перде ілуге немесе ауыстыруға;
- 9) қолдан жасалған электр аспаптарын қолдануға;
- 10) әкімшіліктің рұқсатынсыз электрлік аспаптарын пайдалануға;
- 11) камерада ашық от жағуға;
- 12) жануарларды ұстауға;
- 13) әкімшіліктің рұқсатынсыз санитарлық-техникалық, жарық беру және басқа да аспаптарға жөндеу жүргізуге;
- 14) камералардағы санитарлық жүйенің ластануына;
- 15) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты камераның қабырғасынан алуға;
- 16) камералық мүкәммалдың қабырғаларына қағаз, фото, сурет, газет пен журнал қималарын жапсыруға, оған жазбалар мен суреттер салуға;
- 17) тыныштықты бұзуға;
- 18) саптан шығуға, шылым шегуге, сөйлесуге, камерадағы есіктің көзіне қарауға, қандайда-бір заттарды көтеруге, гауптвахта аумағы бойынша жүрген кезде дабыл дабылдамасының түймесін басуға;
- 19) терезеден бірдеңе лақтыруға, терезе алдына шығуға, форточкадан шығаруға, есіктің "көзіне" тығыз жақындауға, "көзді" жабуға;
- 20) жеке пайдаланудағы заттарды сатуға, сыйлау немесе өзге де тәсілмен иелігінен шығаруға.

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы  
Қарулы Күштері әскери  
полиция органдарының  
гауптвахтасында әкімшілік  
қамауды өтеу қағидаларына  
6-қосымша  
Нысаны

**Қамауға алынғандар туралы мәліметтерді есепке алу журналы**

			Анкета лық мәлімет тері (Т.А.Ә. (болған кезде) туған күні								
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

№ р/с	Келіп түскен күні және уақыты	ә/б, орналасуы, бағыныстылығы, командирі	және жері, білімі, отбасылық жағдайы, тұрғылықты жері, лауазымы, қандай ҚіД шақырылды және қашан)	Санаты	Фабула	Істі қараған сот	Сот қаулысының № және күні	Біліктілігі	Қамаққа алу мерзімі (тәулік)	Босатылған күні және уақыты	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Ескертпе: Журнал нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен куәләндырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Журнал гауптвахтаның қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауға өтеу  
қағидаларына  
7-қосымша  
Нысаны

**Жеке толық тексеру және қамауға алынғанның жанында  
болған заттарды толық тексеру  
ХАТТАМАСЫ**

20 \_\_\_ ж. " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_ мин. Жасау орны \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(хаттаманы толтырған адамның лауазымы, атағы, Т.А.Ә.(болған кезде))

осы хаттаманы әскери қызметші \_\_\_\_\_

(әскери атағы, Т.А.Ә. (болған кезде), ұлты, туған жылы мен жері, тұрғылықты жері)

қызмет орны, лауазымы \_\_\_\_\_

отбасылық жағдайы \_\_\_\_\_, асырауында \_\_\_\_\_

жеке басын куәландыратын құжат \_\_\_\_\_

(сериясы, нөмірі, кіммен берілген) толтырдым.

Әскери қызметші \_\_\_\_\_

(толық тексерілген адамның Т.А.Ә.(болған кезде))

жеке толық тексеру және заттарына толық тексеру жүргізілді.

Толық тексерілетін адам үстіне мынаны киген: \_\_\_\_\_

Денесін қарап тексеру кезінде мынадай дене жарақаттары анықталды:

(анықталған жоқ, егер болса, дене жарақаттарының сипаттамасын көрсету

және медициналық көмек көрсетілді ме)

Толық тексеру барысында мыналар анықталды және алынды: \_\_\_\_\_

Толық тексеру кезінде келіп түскен өтініштер \_\_\_\_\_

Толық тексеру барысында мыналар қолданылды: \_\_\_\_\_

(фото-кино түсірілім, бейне жазу, өзге де тіркеу тәсілдері)

Гауптвахтаға келіп түскен кезде денсаулық жағдайына шағымдарым мен өтініштерім жоқ (бар)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(керегін жазу)

Әскери полиция гауптвахтасындағы ішкі тәртіптемемен таныстым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы)  
Қолдары: \_\_\_\_\_ (толық тексеруді жүргізген  
лауазымды адамның)

\_\_\_\_\_ (жеке толық тексерілген адамның)

Хаттаманың көшірмесін алдым \_\_\_\_\_  
(жеке толық тексерілген адамның Т.А.Ә. (болған кезде), қолы)

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
8-қосымша

### **Қамауға алынғандар заттарды сақтау бөлмесінде сақтай алатын және өзімен бірге болатын заттар тізбесі**

1) белдік белбеулерінсіз, аспа баусыз далалық киім нысанының қосалқы жиынтығы, сондай-ақ маусым бойынша бас киім, аяқ киім (тақасыз, металл нәлсіз және баусыз);

2) ішкі киім, шұлық, қолғап (биялай), қол орамал, бөлмеде киетін тапочка;

3) жуыну керек-жарақтары: иіс, кір сабын, сусабын, тіс пастасы, тіс щеткасы, сабын мен тіс щеткасына арналған пластмасса қап, майлар, металл емес тарақ, жөке, жұмсақ ысқыш, дәретхана қағазы, электр немесе механикалық ұстара, бір рет пайдаланылатын қауіпсіз ұстара (гауптвахтаның камераларынан тыс орналасқан қамаққа алынғандардың мүлкін сақтауға арналған құлыпқа жабылатын арнайы шкафта сақталады);

4) іш киім, шашқа арналған резеңке, гигиеналық керек-жарақтар (әйелдер үшін);

5) көзілдірік және көзілдірікке арналған пластмасса қап;

6) жалпыәскери жарғылармен, көркем әдебиет, мерзімді басылым шығарылымдары;

7) үстел ойындары (дойбы, шахмат, домино, нарды);

8) ішкі киімге немесе қалтаға салуға арналған діни табыну заттары;

9) екіден артық емес фотосурет;

10) дәрігердің тағайындауы бойынша дәрілік заттар.

Қамауға алынға өзімен бірге олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне қатысты құжаттар мен жазбалар, сондай-ақ пошталық жөнелтілімдер бланкілері, түбіртектер, заттарды сақтау бөлмесіне тапсырылған заттарды, құжаттарды, бұйымдарды және өзге де материалдық құндылықтарды беру актілерінің көшірмелері болуға және сақтауға рұқсат етіледі.

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
9-қосымша  
Нысаны

## ӨТІНІШ

\_\_\_\_\_ (әкімшілік қамауға алынғанға қандай қатысы бар)

\_\_\_\_\_ тұратын

(тұрғылықты мекенжайы)

азамат (-ша) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

\_\_\_\_\_ үшін жөнелтілімді  
қабылдауыңызды

(қамауға алынғанның ә/атағы, тегі және аты-жөні) сұраймын.

Р/с №	Азық-түлік атауы	Салмағы		Саны	Ескертпе
		килограмм	грамм		

Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

20\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Жөнелтілімге рұқсат берді \_\_\_\_\_

(гауптвахта бастығы)

Жөнелтілімді қабылдады \_\_\_\_\_

(жөнелтілімді қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә.(болған кезде))

Жөнелтілімді алдым \_\_\_\_\_

(жөнелтілімді алған адамның қолы)

20\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Әскери қызметшілердің

**Сәлемдемелерді және жөнелтілімдерді ашу  
АКТИСІ**

20 \_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Жасау орны \_\_\_\_\_

Комиссия мынадай құрамда:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(комиссия мүшелерінің Т.А.Ә.(болған кезде))

осы сәлемдемені (жөнелтілімді) ашу актісін жасады \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(заттардың, азық-түліктің атауы, олардың сыртқы белгілері,

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

саны (жазбаша) көрсетіледі)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшіге ішіне салынғаннан мыналар  
берілді:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(заттардың, азық-түлік өнімдерінің атауы көрсетіледі)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Гауптвахтада ұсталатын қамауға алынғандардың заттарын сақтау бөлмесіне

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тапсырылды.

Комиссия мүшелерінің қолдары:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Алдым \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(әкімшілік қамауға ұшыраған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), қолы)

Актіні жасаған қызметкердің қолы:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(лауазымы, атағы, қолы, Т.А.Ә.(болған кезде))

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
11-қосымша

### **Алу хаттамасы**

Біз , төменде қол қойған, мынадай құрамдағы комиссия \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(лауазымы, әскери атағы, тегі аты және әкесінің аты (болған кезде))  
ұсталған, күдікті, айыпталушы, әкімшілік тәртіппен қамауға алынған және  
қамауға алуға сотталған

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(әскери атағы,тегі аты және әкесінің аты (болған кезде))  
тізім бойынша сомасы ( \_\_\_\_\_ ) ақшаны, құнды қағаздар мен құнды  
заттарды



\_\_\_\_\_ ,  
(сомасы жазумен көрсетіледі)

мынадай заттар мен азық-түлікті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ алдық (сақтауға қабылдадық).

Барлығы берілгені: \_\_\_\_\_ құнды қағаздардың, құнды заттардың атауы,  
(саны)

\_\_\_\_\_ ақша, \_\_\_\_\_ азық-түлік, заттар атауы.  
(саны) (саны)

Тапсырды: \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде),  
қолы)

Қабылдады: \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде),  
қолы)

Қатысқан: \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде),  
қолы)

20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
12-қосымша

## АКТ

" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ж. \_\_\_\_\_ қаласы (кенті)

Мен, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, әскери атағы, тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қамауға алу туралы шешім шығарған соттың атауы)

20\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ шешімі бойынша әскери полицияның  
гауптвахтасына қамалған

\_\_\_\_\_ тиесілі

\_\_\_\_\_ (қамауға алынғанның әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(заттардың, бұйымдардың, құжаттардың және өзге де материалдық құндылықтардың,

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

о.і. ақшалай қаражаттың атауы жазбаша көрсетілсін)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

гауптвахтаға ұсталатын қамаққа алынғанның заттарын сақтау бөлмесіне беру туралы осы актіні жасадым.

Осы акті екі данада (бірінші данасы іске тігіледі, екінші данасы иесіне беріледі).

Актінің көшірмесін алдым \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қамауға алынғанның әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Актіні жасаған қызметкердің қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
13-қосымша  
Нысан

**Жою**  
**АКТІСІ**

20 \_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Жасау орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Комиссия мынадай құрамда: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(комиссия мүшелерінің ә/атағы, Т.А.Ә.(болған кезде))

мынадай азық-түлік өнімін (жарамдылық мерзімі өткен немесе бүліну белгілері бар) жою туралы осы актіні жасады

---

---

---

---

---

---

---

---

(атауы, саны (жазбаша), орамның бар болуы көрсетіледі)

олар \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

---

---

\_\_\_\_\_ жойылды.

(жою орны мен тәсілі)

Комиссия мүшелерінің қолдары:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
14-қосымша

**Гауптвахтаға  
қамалған әскери қызметшілерді  
көтермелеулер мен жазалауларды  
есепке алу кітабы**

Басталды: \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ .

Аяқталды: \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ .

**I бөлім Жазалауға ұшыраған адамдарды есепке алу**

Р/с №	Т.А.Ә. (болған кезде)	Жазалау не үшін қолданылды	Жазалау түрі	Кім және қашан қолданылды	Ескертпе
----------	--------------------------	-------------------------------	--------------	------------------------------	----------

**II Бөлім Гауптвахта әкімшілігі көтермелеген адамдарды есепке алу**

---

Р/с №	Т.А.Ә. (болған кезде)	Көтермелеу не үшін қолданылды	Көтермелеу түрі	Кім және қашан қолданылды	Ескертпе
-------	-----------------------	-------------------------------	-----------------	---------------------------	----------


Ескертпе: Кітап нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен куәландырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Гауптвахтаның қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында  
әкімшілік қамауды өтеу  
қағидаларына  
15-қосымша

### Қамауға алынғанды босату туралы ЖАЗБА

	Қарауыл (кезекші ауысым) бастығы _____ _____
Әскери полиция органының елтаңбалы мөрі	(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) қамауда ұсталған _____
	(қамауға алынғанның әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) _____ босатылсын. (уақыты, күні, айы, жылы)

Негіздеме: \_\_\_\_\_

	_____ гарнизоны әскери полиция органының гауптвахта бастығы _____
	(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні) 20__ ж. " ____ " _____

Әскери қызметшілердің  
Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштері әскери полиция  
органдарының гауптвахтасында

**Гауптвахтадан босату туралы  
АНЫҚТАМА**

Әскери қызметші \_\_\_\_\_

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

20\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ – 20\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ кезеңінде

\_\_\_\_\_ сәйкес \_\_\_\_\_

(судья қаулысы)

гарнизонының әскери полиция гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтегенін  
растау үшін берілді.

-----  
әскери полиция органының бастығы

(ә/атағы, қолы, тегі мен аты-жөні)

20\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мөр орны